

Кімге: Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі

Автордың аты-жөні мен лауазымы: Әжібеков М.Т. - Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің басшысы

Орындаған күні: 24.10.2024 жыл

Аналитикалық жазба

Тақырыбы: Қызылорда қаласы бойынша ауыл шаруашылығы саласы мен жер қорының пайдаланылу көрсеткіштерін талдау

Кілт сөздер: агроөнеркәсіптік кешен, салалық бағдарламалар, ауыл шаруашылығы, жалпы өнім, инвестиция, жер қоры,

Кіріспе: 2021 жылғы 12 қазанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің отырысы өтіп, онда Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы қаралды. Ұлттық жобаны әзірлеу кезінде АӨК-ті дамытудағы жаһандық сын-қатерлер мен әлемдік трендтер, бұған дейін жүзеге асырылған мемлекеттік және салалық бағдарламалардың қорытындылары ескерілген.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, жобаны іске асыру нәтижесінде еңбек өнімділігін 2,5 есеге арттыру, отандық өндірістің негізгі азық-түлік тауарларымен қамтамасыз ету, өңделген өнім үлесін 70%-ға дейін жеткізе отырып, агроөнеркәсіптік кешен өнімдерінің экспортын 2 есеге ұлғайту, сондай-ақ 7 ірі экожүйе қалыптастыру және инвестициялық жобаларды іске асыру есебінен 1 млн. ауыл тұрғынының табысын тұрақты арттыруға қол жеткізу қажет. Министрлік құс еті, шұжық өнімдері, ірімшік және сүзбе, алма, қант және балық сияқты көп импортталатын позицияларды анықтады.

Жалпы Ұлттық жобаны іске асыру нәтижесінде бес жыл ішінде еңбек өнімділігін 2,5 есеге арттыру, 500 мың адамды жұмыспен қамтамасыз ету, осылайша 1 млн. ауыл тұрғынының табысын арттыру жоспарланған.

Сонымен қатар, мемлекет басшысы Қ.Ж. Тоқаев Жолдауында «Ауыл шаруашылығын дамыту – негізгі проблеманың бірі. Осы саладағы ахуал мемлекетіміздің азық-түлік қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді. Еліміздің ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемін және оның қосымша құнын арттыру қажет. Бұл – стратегиялық міндет» екендігін айрықша атап өтті.

Аналитикалық жазбада ауыл шаруашылығы өнімдерінің түсімдеріне, жер қорының пайдаланылуына талдау жүргізілетін болады.

Негізгі бөлім:

Ауыл шаруашылығы саласын дамыту бағытындағы мемлекеттік қолдаудың арқасында соңғы жылдары дамудың оң серпіні қалыптасты. Мәселен, соңғы 10 жылда Қызылорда облысының ЖӨӨ құрылымындағы ауыл шаруашылығының үлесі 3,9-дан 4,8%-ға дейін өсті. Бұл ретте 2020 жылы ауыл шаруашылығы өнімін өндіру көлемі 141 млрд.теңгені (1991 жылы 2,3 млн. теңгені құрады) құрады. Жыл сайын облыстың ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері 500 мың тоннадан астам күріш жинайды. Орташа өнімділік гектарына 61,8 центнерден келді. Бұл 1991 жылғы көрсеткіштен бір жарым есе көп. Сыр маржаны таяу шет елдерде ғана емес, Германия, Нидерланды, Түркия, Иракта да сұранысқа ие. Сонымен қатар, бақша өнімдері мен дәстүрлі ұлттық сусындар қымыз бен шұбат облыстың танымал брендіне айналды. Облыстың ауыл шаруашылығы құрылымдарының машина-трактор паркі 25%-ға жаңартылды.

Қызылорда қаласы бойынша **2023** жылдың қаңтар-қараша айларында ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі **16, 053 млрд.** теңгені құрап, өнімнің нақты көлемінің индексі 2022 жылмен салыстырғанда **108.0** пайызды құрады.

Ауыл шаруашылығындағы негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі **132,3** млн. теңге салынып, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда **163,2** пайызды құрап отыр.

Тамақ өнімдерін өндірудегі негізгі капиталға көлемі **1 млрд. 71** млн. теңге инвестиция салынып, 2022 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда **174,6** пайызды құрады.

Егін шаруашылығы бойынша

Қызылорда қаласы бойынша 2023 жылы барлығы 9079 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылды. Оның ішінде, негізгі дақыл күріш 4136 гектар, бидай 119 гектар, қант құмайы 75 гектар, көкөніс 1331 гектар, картоп 500 гектар, бақша 990 гектар, жаңа жоңышқа 249 гектарға егілсе, ескі жоңышқа 1679 гектарды құрады. Егілген 119 гектар бидайдан 107,1 тонна өнім жиналып, орта өнім 9 центнерден келді.

Шаруашылық құрылымдары бойынша мал азықтық жоңышқа шөбін дайындауда **1928** гектар жоңышқадан **6 772** тонна шөп жиналды.

Картоп, көкөніс, бақша дақылдарын жинау жұмыстары бойынша картоптың **500** гектарынан (100,0%) **125,0** центнер, көкөністің **1331** гектарынан (100%) **135,8** центнер, бақшаның **990** гектарынан (100%) **136,7** центнер өнім жиналды.

4136 гектар ораққа түсіп (100%), толық бастырылды. Жиналған өнім **20680** тонна. Орта өнім **50,0** центнерді құрады.

Биылғы жылы **8 298** гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылды. Оның ішінде: Негізгі дақыл күріш **3 856** га, бидай **368**

га, қант құмайы **40** га, жаздық арпа **2** га, жаңа жоңышқа **286** га, ескі жоңышқа **1 297** га, картоп **130** га, көкөніс **1 329** га, бақша **990** га.

Негізгі дақыл күріштің **3 856** гектардан, **19 858,4** тонна өнім жиналды. Орта өнім **51,5** центнерді құрады. Егілген **368** гектар бидайдан, **379** тонна өнім жиналып, орта өнім **10,3** центнерден, **2** гектар арпадан **3** тонна өнім жиналып, орта өнім **15,0** центнерден келді.

130 гектар картоптан **1625,0** тонна, **1329** гектар көкөністен **16 612,5** тонна, **990** гектар бақшадан **13 464,0** өнім алынып, орта өнім картоп дақыланан **125,0** центнерді, көкөніс дақыланан **135,0** центнерді, бақша дақылынан **136,0** центнерді құрады.


Мал шаруашылығы бойынша

Қала бойынша 2023 жылдың 1 қарашасына мүйізді ірі қара **29 515** бас, қой мен ешкі **31 989** бас, жылқы **13 195** бас, түйе **2 652** бас, құс

15 051 басты құрады. 2022 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда мүйізді ірі қара **4,6%**-ға, қой-ешкі – **8,3%**, жылқы **9,0%**-ға, құс **-4,2%**-ға, түйе **5,1%**-ға көбейгенін көруге болады. Қала бойынша 2023 жылы барлығы **2153,5** тонна ет (*тірі салмақта*), **4766,7** тонна сүт және **660,2** мың дана жұмыртқа өндірілді. 2022 жылмен салыстырғанда өсім тиісінше ет өндіру **3,1%**-ға, сүт өндіру **0,3 %**-ға, жұмыртқа өндіру **0,7** пайызға артқан.

Қала бойынша 2024 жылдың 1 қыркүйегіне мүйізді ірі қара **24 922** бас, уақ мал **32 751** бас, жылқы **17 393** бас, түйе **3 170** бас, құс **17 215** бас өсірілуде. Өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда мүйізді ірі қара **20,5%**-ға, жылқы **5,5%**-ға, қой-ешкі – **22,1%** көбейсе, түйе **3,0%**-ға кеміген. Есепті кезеңде қала бойынша барлығы **1695,1** тонна ет (*тірі салмақта*), **2444,7** тонна сүт және **591,4** мың дана жұмыртқа өндірілді.

Өткен жылмен салыстырғанда өсім тиісінше ет өндіру **4,2%**-ға, сүт **0,2%**-ға, жұмыртқа өндіру **0,9%**-ға көбейген.



Жер қатынастары саласы бойынша

2024 жылы Қызылорда қаласының 235 988 гектар жалпы көлемі өзгеріссіз қалды.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер бойынша 1.11.2022 ж. жер көлемі 96608,74 гектар болса, 1.11.2023 ж. жер көлемі 102213,76 гектарды құрады. 2022 жылмен салыстырғанда 5605,02 гектарға артты. 1.11.2024 ж. жер көлемі 105548,53 гектарды құрап, 2023 жылмен салыстырғанда 3334,77 гектарға артты.

Елді мекендердің жерінде шекарасы мен жалпы көлемі бойынша соңғы жылдарда өзгерістер болған жоқ.

Өнеркәсіп, көлік, қорғаныс және а.ш арналмаған жерлер бойынша - 1.11.2022 ж. жер көлемі 5 820,8 гектар болса, 1.11.2023 ж. жер көлемі 5 895,41 гектарды құрады, 2022 жылмен салыстырғанда 74,6 гектарға көбейді.

- 1.11.2024 ж. жер көлемі 6191,11 гектарды құрап, -2023 жылмен салыстырғанда 295,7 гектарға көбейді.

Қызылорда қаласы бойынша ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері тіркелмеген.

Орман және су қорының жерлерінде соңғы жылдарда өзгерістер болған жоқ.

- Босалқы жерлер 1.11.2022 ж. жер көлемі 76 176,9 гектар болса, 1.11.2023 ж. жер көлемі 70 497,28 гектарды құрады, - 2022 жылмен салыстырғанда 5679,62 гектарға азайды. 1.11.2024 ж. жер көлемі 66 866,72 гектарды құрап, 2023 жылмен салыстырғанда 3630,56 гектарға азайды.

Қорытындылай келе, Қызылорда қаласының жалпы жер көлемі 235 988 гектар болып, өзгеріссіз қалды.

Қазіргі таңда 2005 - 2024 жылдар аралығында қала әкімінің жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер кезектілігінде барлығы 71 304 азамат тіркелген.

Өтініш берілген жылы	Кезектілік бойынша жалпы саны		Өтініш берілген жылы	Кезектілік бойынша жалпы саны
2005	11 163	қалғаны	2015	2 129
		3439	5 112	5 112
2006	11 509		2017	5 188
2007	11 315		2018	2 177
2008	1 944		2019	1 368
2009	1 563		2020	742
2010	1 640		2021	961
2011	1 598		2022	7 432
2012	2 395		2023	2 359
2013	2 756		2024	528
2014	5149			
	Барлығы			71304

2016 - 2023 жылдар аралығында Қызылорда қаласы, «Бәйтерек» шағын ауданы 980 гектар аумақтан жеке тұрғын үй құрылысы үшін **5 112** жер учаскесі табысталған. Бәйтерек тұрғын ауданынан табысталған жер учаскелері бойынша қазіргі таңда мақсатына сай игерілгені

1 855 учаске (36%), 1 752 учаскесінің (34%) жалдау мерзімі ұзартылған, 1 505 учаскесінің (30%) жалдау мерзімі аяқталған.

Сонымен қатар, кезекте тұрған азаматтарға «Бәйтерек» тұрғын ауданында көлемі 150 га егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы бойынша жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару жұмыстары жүргізіліп, аталған аумақты инфрақұрылыммен қамтамасыз ету жүзеге асырылуда. Аталған Бәйтерек-2 тұрғын ауданынан 1 267 жер учаскесін табыстауға мүмкіндік болады.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 297 бұйрығымен Жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалға алу құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (аукциондарды) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында электронды түрде ұйымдастыру мен өткізу қағидасына сәйкес аукциондар **Gosreestr.kz** электронды сауда алаңында өткізілуде.

2023 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында электронды форматтағы сауда – саттыққа (аукционға) **43** жер учаскесі ұсынылып, сатылған **43** жер учаскесінің жалпы құны **232 млн. 931 мың 238 теңгені** құрады.

2023 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында электронды форматтағы сауда – саттыққа (аукционға) **49** жер учаскесі ұсынылып, сатылған **47** жер учаскесінен бюджетке жалпы құны **216 млн. 695 мың теңге** түсім түсті.

Жер учаскелерін сатудан және жалға беруден түскен түсім бойынша:

№	Бюджеттік түсімдердің сыныптамасы	Сыныптама атауы	Жалпы есептелген (мың теңге) жоспар	Бюджетке түскені, төленгені (мың теңге)
2023 жыл				
1	303 101	Жер учаскесін сату, жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуден түсетін түсім	335 186,6	760 616,1
2	303 202	Жалға алған жер учаскесін сатудан түсетін түсім	156 673,0	220 529,4
3	105 315	Жалға алған жер учаскесінен түсетін түсім	49 956,0	46 412,0
	Барлығы		541 815,6	1 027 557,5

2023 жылы бюджеттік түсімдер жоспары бойынша **541 815 600 теңге** белгіленген болатын, жыл қортындысымен жалпы сомасы **1 027 557 500**

теңгені құрайтын қаражат 89,6 % пайызға артығымен орындалып, жергілікті бюджетке түсті.

2022 жылы барлығы **570 607 200 теңге** қала бюджетіне түсірілген болса, 2023 жылғы түсім өткен жылмен салыстырғанда (**1 027 557 500 теңге**) 1,8 есе (80%) артығымен орындалды.

Қорытынды:

Облыс әкімінің хаттамалық тапсырмасына сәйкес ағымдағы жылы су тапшылығын ескере отырып, егіс көлемін (күріш) азайту тапсырмасы берілген болатын.

Осыған байланысты, ауыл шаруашылығы құрылымдарына егін науқанында күріш дақылының егіс көлемін азайтып, суды аз қажет ететін дақылдарды егу ұсынылуда. (Бидай, мақсары, қант құмайы т.б).

Сонымен қатар, егіс алқаптарындағы ішкі каналдарға су беру маусымы басталғанға дейін механикалық тазалау жұмыстары мен гидротехникалық құрылымдарды қалпына келтіру, жөндеу жұмыстарын жүргізу және инженерлік жүйеге келтірілмеген деңгейі биік жерлерге күріш дақылын екпеуді және сорғыларды (насос) дайындығын қамтамасыз ету бойынша барлық шаруашылық құрылымдарына ескертпе хаттар беріліп түсіндірме жұмыстары жүргізілуде.

Сондай-ақ, 2023-2027 жылдары аралығындағы инженерлік жүйеге келтірілген ауыспалы егіс танаптарында шаруашылық дақылдарын кезектестіру кестесіне сәйкес орналастыру қатаң тапсырылуда.

Бүгінгі күнге қашыртқылар, каналдарды тазалау, гидротехникалық құрылыстарды жөндеу жұмыстары бойынша ішкі су жолдарының 54 300 текше метр (100%) топырақ шығарылып, 4 дана гидробекеттер (100,0%), 2 дана су құрылыстары (100%) жөндеуден өткізілді.

Қажетті минералдық тыңайтқыштың көлемі 3010,7 тоннаны құрады. Көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге қажетті 322 тонна дизель отынын жеткізіп беруші операторлар «РК Мұнай» және «Жібек Жолы LTD» ЖШС-і белгіленді. Бүгінгі күнге шаруашылық құрылымдарының қажетті дизель отынының сұранысы бойынша келісім-шартқа отырды.

Көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге барлығы 157 дана ауыл шаруашылығы техникасы қатысты, оның ішінде 100 дана трактор, 22 трактор тіркемесі, 21 соқа, 9 дән сепкіш, 5 жүк көліктері.

Жер қатынастары саласы бойынша жер кезектілігін азайту мақсатында жалға алу мерзімі аяқталған жер учаскелерін мемлекет қорына қайтару, Бәйтерек тұрғын ауданында жоспарланған көлемдері 150 га және 670 га егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары бойынша жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару жұмыстары жүргізіліп, аталған аумақты инфрақұрылыммен қамтамасыз ету қажет етіледі.

Ұсыныстар:

Мазмұны	Шешілу жолы	Жауапты мемлекеттік орган
2005 - 2024 жылдар аралығында қала әкімінің жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер кезектілігінде барлығы 71304 азамат тіркелген, оның ішінде 2005 жылғы кезектілік бойынша қалғаны - 3439 азамат, 2006 жылы – 11509 азамат тіркелген. Бәйтерек тұрғын ауданынан жеке тұрғын үй құрылысы үшін 5112 азаматқа жер учаскелері табысталған. Жер учаскелерін табыстап, кезектілікті азайту мақсатында жалға алу мерзімі аяқталған жер учаскелерін мемлекет қорына қайтару, Бәйтерек тұрғын ауданында жоспарланған көлемдері 150 га және 670 га егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары бойынша жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару жұмыстарын жүргізу, Әл-Фараби тұрғын ауданынан бос жер телімдерін дайындау, инфрақұрылыммен қамтамасыз ету қажет етіледі. <i>Анықтама ретінде: Ізгерілмеуіне байланысты мемлекет қорына қайтарылған жер учаскесінің саны 1475. Мемлекетке қайтарылған жер учаскелері келесі кезекте тұрған азаматтарға ұсынылуда.</i>	Халықтың жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскесін алу мұқтажығын қамтамасыз ету мақсатында егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары (ПДП) бойынша жоспарланған учаскелер саны: 150 га – 1300 учаске 670 га – 4000 учаске <i>(Бәйтерек тұрғын ауданы)</i> 44 га – 300 учаске <i>(Әл-Фараби тұрғын ауданы)</i> Инфрақұрылым жұмыстарына республикалық бюджеттен қаражат бөлініп, қамтамасыз етілген жағдайда барлығы – 864 гектар жерден 5600 учаске табыстау мүмкіндігі болады.	ҚР Қаржы министрлігі Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы Қызылорда қаласының экономика және қаржы бөлімі

Пайдаланылған дереккөздер/әдебиеттер:

1. ҚР Ұлттық статистика бюросының ресми интернет ресурсы – <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-forrest-village-hunt-fish/>
2. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы №442 Жер кодексі
3. <https://map.gov4c.kz/egkn/>
4. Қызылорда қаласының 2022, 2023, 2024 ж. жер есебінің мәліметтері